

Н.Ш.Алметов, А.Б.Айтжанова, А.А.Сулейменова

*М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент
(E-mail: n_almetov@mail.ru)*

Жастардың саяси мәдениетін қалыптастыру: құндылық бағдарлар мен жаңашыл тәсілдер

Мақалада қазіргі оқушы жастардың саяси мәдениеті олардың азаматтық белсенділігінің маңызды құрамды бөлігі ретінде қарастырылған. Жастардың саяси мәдениетін оқытудың концептуалдық негіздері анықталды. Үздіксіз білім беру жүйесінде оқушы жастардың саяси мәдениетін қалыптастыру үрдісінің құрылымы зерттелген. Сондықтан жастардың саяси мәдениетін қалыптастырудың қазіргі мәселелерін шешудің жаңашыл тәсілдері мен жастардың саяси әлеуметтенуінің білім беру процесіндегі мәні мен ролі талданған.

Кілт сөздер: саяси мәдениет, оқушылар, жастар, саяси белсенділік, азаматтық тәрбие, саяси мәдениетті тәрбиелеу, жаңашыл әдістер, құндылық бағдар, азаматтық сезімдер, патриоттық сезімдер.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде партияның азаматтық қоғам құрудағы жетекші ролін ерекше атап өткен. Сонымен қатар Ұлт Көшбасшысы жастар мәселесіне де арнайы тоқталды. Елбасы «Мәңгілік ел» идеясы жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі ретінде көрінуі тиістігі, мектептерде бүкілқазақстандық «Мәңгілік ел» идеясының құндылықтарын оқыту бағдарламасына енгізу қажеттілігін айтып өтеді [1].

Осы тұрғыдан Қазақстанда азаматтық қоғамды құратын XXI ғасыр көшбасшылары — жастардың азаматтық тәрбиесіне, азаматтық тәрбиенің негізгі құраушысы — саяси мәдениетті тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Әдетте нарықтық заманда, экономиканың саясаттан басымдығы ұстанымдары басшылыққа алынатын қоғамда азаматтардың, әсіресе қоғамның әлеуметтік аз бейімделген бөлігі — оқушы жастардың саяси белсенділігі айтарлықтай өзекті мәселе сыңары.

Тәжірибеде жастарымыздың айтарлықтай бөлігі саясатқа немқұрайлықпен қарайды, саяси белсенділік танытпайды, өйткені саясатқа қызықпайды. Қазіргі жастар арасында материалдық құндылықтарға бағдарланудың жоғары болғандықтан, рухани, әсіресе саяси құндылықтарға жеткілікті дәрежеде бағытталған деуге де болмайды. Көбінесе карьералық (мансаптық өсу) мақсаттарды алға қойған, қоғамдық жұмыстармен белсенді айналысатын жастардың жеткілікті деңгейдегі саяси сауаттылықты танытатындығын байқау мүмкін. Оқу орындары, жастардың қоғамдық бірлестіктері жастардың саяси сауаттылығын арттыру бағытында елеулі жұмыстар атқаруда. Дегенмен, қазірде жұмыс атқаратын ешбір жастар ұйымдары, өткен ғасырдың 50–60 жж. комсомол сыңары жастар арасында көпшілікке таралған емес.

Тәрбиелеудің индивидуалдық сипаты, ұжымдық тәрбие беру тәжірибесінің ыдырауы да жастардың саяси мәдениетін тәрбиелеуге теріс ықпалын тигізуде.

Бір жағынан, жастардың басым көпшілігі саясатқа қызықпайды, ал түбінде оларға саясаттың, әр түрлі саяси көзқарастардың әсері байқалмауы мүмкін емес. Саяси сауаттылығы дамымаған, саяси құндылықтарға бағдарланбаған жас жігіт-қыздың өмірдегі азаматтық позициясы қандай болуы мүмкін? Саяси мәдениет дегеніміз не? Қазіргі оқушы-жастарда саяси мәдениетті тәрбиелеудің өзектігі қандай? деген сұрақтар туады.

Саяси мәдениет (*тар мағынада. — авторлар*) — азаматтардың саяси білімдерінің, бағалауларының, сезімдерінің және әрекеттерінің деңгейі мен сипаты [2].

Саяси мәдениет (*кең мағынада. — авторлар*) қоғамдағы саяси қатынастарды реттейтін әлеуметтік құндылықтардың, салт-дәстүрлері мен нормалардың мазмұны мен сапасы ретінде де түсіндіріледі [2; 422]. Саяси мәдениет түбегейлі саяси мүдделердің және қажеттіліктердің бірлігі (ортақтығы) халықтың әр түрлі әлеуметтік топтарының саяси біліктік тетіктеріне қатынастарының сәйкес келуіне негізделеді.

Қазақстан қоғамының саяси мәдениеті мемлекет, демократия, Конституция, құқықта көрініс табады. Қарапайым түрде айтатын болсақ, саяси мәдениет азаматтардың саяси білімділігі

(сауаттылығы), саяси оқиғаларды, үдерістерді қай дәрежеде бағалай білетіндігі және саяси белсенділік деңгейімен сипатталады.

Саясатқа қызығушылық танытатын жастар саяси ұйымдарында қызмет жүргізетін, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысатын жастардың саяси мәдениетін тәрбиелеу әлдеқайда оңай. Бірақ саясатқа бейімі жоқ жастарды ше?

Саясатқа бейімделмеген жастардың саяси мәдениетін тәрбиелеу екі есе өзекті мәселе. Неге?

Әрбір Қазақстан азаматы өзін азамат сезінуі, өзінің азаматтық беделін жоғары бағалауы тиіс. Ал азаматтық сезім, алдымен, қоғам мүшелерінің қоғам мойындаған және қорғайтын азаматтық (саяси) құндылықтарды меңгеруімен анықталады.

Елбасының «Нұр Отан» партиясының XVI съезіндегі баяндамасында айтылғандай, «Мәңгілік ел» идеясы арқауындағы жұмылдырушы құндылықтар — азаматтық теңдік; еңбексүйгіштік; адалдық; оқымыстылық пен білімді қастер тұту; зайырлы ел — тағаттылық ел»[1].

Осы тұрғыдан алғанда қазіргі Қазақстан жастарының саяси мәдениетін қалыптастыру азаматтық тәрбиенің тағыда екі негізгі құрамдастары — патриоттық және құқықтық тәрбиемен тығыз байланыста болатындығы байқалады. Саяси тәрбие егемен Қазақстанның әрбір азаматына Ата Заңымыз — Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасының Заңдары мен заңнамалары беретін барлық кепілдіктерді, бостандықтарды, сонымен қатар азаматтық Отан, қоғам алдындағы борышы мен міндеттерін жете түсінуін, оларды сөзсіз орындауын қамтамасыз ететін құқықтық тәрбие жүйесімен өзара әрекеттеседі.

Дер кезінде, саяси білімділік, саяси белсенділік, саяси іс-әрекет бірден-бір мақсат — Отан игілігіне, Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғауға, қазіргі Қазақстан қоғамын әлеуметтік-экономикалық, саяси тұрғыдан нығайтуға бағытталған іс-әрекеттерді жүзеге асыруға даярлықты қалыптастыру — патриоттық бағытта болуы тиіс. Саяси белсенділік бос саясаткерлік емес — Отан игілігі үшін, Отан мүддесі үшін саяси белсенділік.

Оқушылардың саяси мәдениетін қалыптастыруда, оларды жалпы қазақстандық саяси құндылықтарға бағдарлауда оқу орындарындағы қоғамдық пәндердің рөлін арттыру, қоғамдық-саяси іс-шаралар ауқымы мен мазмұнын күшейту қажет деп ойлаймыз. Мәселе, жалпы білім беретін мектептердегі «Қазақстан тарихы», «Адам жән қоғам» немесе жоғары оқу орындарындағы «Философия», «Әлеуметтану», «Мәдениеттану» пәндерінде білім алушыларға саяси білімдерді берумен ғана шектелмеуі тиіс. Саяси білімдері кең оқушыны саяси мәдениетті деу дұрыс болмас. Мәселе оқушының, студенттің өзі меңгерген саяси білімдерден дұрыс құндылық бағдар алуында, саяси мәселелерді дұрыс бағалап, оң шешімдерді қабылдай білуінде.

Сондықтан саяси мәдениетті қалыптастыру орта немесе жоғары білім беру ұйымдарында қоғамдық-гуманитарлық пәндер мазмұнын саяси ақпараттармен толықтыру, саясаттандыру деген сөз емес. Қазірде бар оқу мазмұнына қажетті жаңалықтарды әрбір педагог сабаққа дайындалу кезінде, оқу материалына жаңа мәліметтерді кіргізу жолымен байыта алады. Бірақ мәселе оқушылар меңгеретін саяси білімдердің саналылығы, құндылық бағдарланғандығына қол жеткізуде. Саяси идеяларды нақтылы деректер, өмірлік жағдайлармен байланыстыру жастардың саяси білімдерге қызығушылығын, құндылық бағдарларының қалыптасуына жол ашады.

Саяси білімдер, жалпы қазақстандық саяси құндылықтар оқушының, студенттің саяси көзқарастарына, сенімдеріне айналуына қол жеткізу керек. Проблемалық сұрақтар, саяси жағдайлар үлгілерін ұжымдық талдау, кішігірім презентациялар, бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын талдау, саяси ақпараттар — сыныптар, аудиториялардағы сабақтарда білім алушыларға саяси тәрбие берудің тиімді тәсілдері болып табылады.

Сыныптан тыс, аудиториядан тыс саяси тәрбие бағытындағы іс-шаралар да жақсы нәтижелер береді. Мысалы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде Жастар комитеті, «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы тарапынан оқушы-жастар саяси тәрбиесі бағытында мынадай формадағы іс-шаралар ұйымдастырылды: XX ғасырдың 20–30 жж. Саяси қуғындар құрбандары күніне арналған тәрбиелік іс-шара, саясат қайраткерлерімен кездесулер, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған іс-шаралар кешені (конференциялар, флэш-моб, дөңгелек үстелдер, кештер, білімдер байқаулары, патриоттық акцияларда қатысу т.б.).

Студент-жастар арасындағы саяси сауаттылығы жоғары, қоғамдық жұмыстарға бейім жігіттер пен қыздарды университеттің студенттік өзін-өзі басқару органдары жұмыстарына кеңінен тартуға ерекше назар аударылып отыр. Университет жанындағы студенттердің «Достық» клубы түрлі этностар өкілдерінен тұратын студент-жастар белсенділерін қамтыған. Клуб студент-жастар

арасында қазақстандық патриотизм, этносаралық келісім, толеранттылықты нығайтуға бағдарланған іс-шараларды іске асырады. «Достық» клубы көп этносты Қазақстан халқы мәдени салт-дәстүрлерін білім алушылар арасында кеңінен насихаттау, мәдениетаралық диалогты ұйымдастыруға ерекше мән береді. Мысалы, Қазақстан этностарының ұлттық мейрамдарын жастар арасында атап өту шынайы дәстүрге айналған. Орыс халқының «Масленица» мейрамына арналған концерттер, халық қолөнері көрмелері, ұлттық ойындар, немесе Наурыз мейрамын атап өтуде түрлі этностардың киім дизайны өнерін көрсету, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын көрермен назарына ұсыну, түрлі тілдердегі өлеңдердің, әндердің үні жастардың «тегі басқа тағдыры бір» болған көп этносты Отанына деген мейірімі, махаббат сезімдерін күшеюіне ықпал етеді.

Студент-жастардың саяси мәдениетін қалыптастыруда олардың ақпараттандыру құралдарына қызығушылықтары өте жоғары екендігін, осы мүмкіндіктерден олардың саяси санасын, дұрыс бағытталған саяси көзқарастарын қалыптастыруда пайдалану ерекше мәнге ие. Атап айтқанда, ұялы байланыс телефондары, ноутбуктар, планшеттерді пайдаланбайтын, күніне бірнеше рет интернетке «кірмейтін» бірде-бір студент жоқ. Интернет желісінен келетін ақпараттар, әсіресе саяси бағыттағы жаңалықтарды студент дұрыс қабылдауы, бағалауы оның саяси білімі, санасы, мәдениеті қай дәрежеде екендігіне тәуелді. Біздің байқауымызша, студенттер интернет желісіне достарымен қарым-қатынас жасау, өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындау, курстық немесе дипломдық жұмыстар жазу, іс-тәжірибеге қажетті материалдар алу, демалыс мақсаттарында кіреді. Саяси тақырыптар студенттердің басым көпшілігін айтарлықтай қызықтырмайды. Бұл жайт, бір тараптан, студенттерді теріс саяси ақпараттардың әсерінен қорғайды. Дегенмен, саяси сауатсыздық саяси қауіпсіздік дегені еместігін ескеру керек. Ел саясатын, Отан дамуының стратегиялық бағыттары мен тактикалық жоспарларын, әлемдегі, айналадағы мемлекеттердегі саяси ахуалды, мемлекет ішіндегі үрдістерді білмейтін, өзіндік саяси көзқарасы қалыптаспаған болашақ маман туралы не деуге болады? Саяси мәдениет патриотизммен тығыз байланыста. Саяси мәдениет әлемдегі, елдегі саяси үрдістерді дұрыс пайымдауға, ел мүддесін қорғауға, Отан дамуына қолынан келгенше үлес қосуға даяр азамат болуға септігін тигізери анық.

Болашақ маманның дүниетанымы, саяси көзқарастары өз елі — жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның тұрақты дамуына, ел бірлігі мен қоғамдық келісім мақсаттарына, саяси үрдістердің дұрыс бағыт-бағдар алуына өз үлесін қосуға, өзі таңдаған, еңбек ететін салада мемлекеттік саясатты жүргізуіне әсерін тигізеді. Студент-жастар ертеңгі күнде адам қызметінің әр түрлі салаларында жоғары білікті маман ретінде қызмет атқарады. Бүгінгі студенттер арасында ертеңгі күнде басшылық лауазымдарында жұмыс істейтін, Қазақстанның ұлттық идеологиясын басшылыққа алып, еңбек ұжымдарын, қол астындағы қызметкерлерді ұйым мақсаттарына жұмылдыратын, бағыттауы жастар да аз емес. Сондықтан жоғары кәсіби білім жалпы мәдени, кәсіби құндылықтарды меңгерумен, студенттердің саяси мәдениетін қалыптастыруды болжайды. Осы тұрғыдан барлық мамандықтардың оқу жұмыс жоспарларына «Қазақстанның даму стратегиясы», «Саясаттану», «Саяси мәдениет негіздері», «Толеранттылық негіздері» сыңарлы элективті курстарды кірістіру орынды деп білеміз.

Алдымен, жоғары оқу орындарында «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың саяси мәдениетті қалыптастырудағы мүмкіндіктерін толығырақ пайдалануға мән беру қажет деп ойлаймыз. Студенттерге бұл пәнді оқыту жалпы білім беретін мектептерде «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудан ғылыми-әдістемелік, дүниетанымдық, саяси бағыттылығы тұрғысынан мүлдем айрықша болуы, болашақ маманның біртұтас саяси көзқарасын қалыптастыру мақсаттарына қызмет етуі зәру деп білеміз.

Саяси тәрбие еңбек тәрбиесімен байланыста жүзеге асырылған жағдайда саяси білімдерді игеру, жастар бойында қалыптастырылатын саяси сана-сезім және саяси белсенділік дағдылары қоғам пайдасына еңбек арқылы жаңа мазмұнға ие болады. Өнімді еңбек саяси санаға өзгеше мән береді. Жастар саясаттың адамдардың бақытты өмір сүруі үшін қызмет етуге тиісті рухани құрал екендігін терең сезінеді. Әсіресе еңбек салаларымен байланысты мемлекет саясатын ұғынуда еңбек тәрбиесінің рөлі өте жоғары. Мысалы, ауыл шаруашылығы саласында қызмет ететін жастардың өкіметтің агросаясаты туралы қажетті деңгейде түсініктері болуы керек. Басшылық лауазымындағы жастарға кәсіби қызметте осы саладағы мемлекет саясатын білу ғана емес, оны нақтылы іс-қимылдармен іс жүзінде жүзеге асыру дағдылары өте маңызды.

Саяси мәдениет — жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеудің құрамдас бөлігі. Саяси санасы дамымаған адамды жан-жақты кемелденген, бәсекеге қабілетті, дамыған адами капитал деу мүмкін

емес. Саяси мәдениеттікке тәрбиелеу — азаматтық тәрбиенің ажрамас бөлігі, құраушысы. Саяси мәдениетті тәрбиелеу азаматтық тәрбиенің қағидасы екі нәрсемен — отансүйгіштік және құқықтық тәрбиемен өте тығыз байланысқан.

Саяси сауаттылығы жеткіліксіз тұлғаның азаматтық позициясы, отансүйгіштік сана-сезімі туралы не деу мүмкін? Саясаттан тыс, адам қызметінің басқа да салаларында оқитыны, жұмыс істейтін жастарда кәсіби қызметте, қоғамдық өмірде азаматтық белсенділік танытулары үшін олар мемлекет саясатын, өз саласындағы мемлекет саясатының басымдықтарын жақсы білуі, оларға сүйенуі керек.

Саяси сауатты жастар қоғамдағы саяси үрдістерге ықпал ете алатын, әсіресе мемлекетті басқаруға, басқару органдары ісіне қоғамдық көмек беруге дайын болады. Немесе өз қызмет саласында (білім, ауыл шаруашылығы, өндіріс т.б.) мемлекеттік саясат ұстанымдарын жүзеге асыруға саналы түрде кіріседі.

Саяси сауаттылық жастардың саяси сезімдерін тәрбиелейді. Қоғамдағы саяси оқиғалар мен процестерді дұрыс қабылдауға, өзі іс-әрекетінде басшылыққа алуға, қоғамға теріс саяси-идеологиялық әсерлерге берілмеуге иммунитетті қалыптастырады. Сонда ғана жастарымыз тәуелсіз Қазақстанның саяси құндылықтарын қорғауға даяр болады.

Бүгінгі таңда оқушы жастардың саяси мәдениетін тәрбиелеуге жаңашыл тәсілдерді енгізу қажет. Әсіресе оқушы-жастардың саяси мәдениетін тәрбиелеуде мына тәсілдерді басшылыққа алған мақсатқа сай деп есептейміз:

1) ақпарат ауқымы кең қазіргі жағдайларда жастардың саяси ақпаратқа, негізінен, Қазақстан мемлекеттік саясаты туралы білімдерге деген қызығушылықтарын, оларды меңгеруден жеке мүдделіліктерін арттыру;

2) оқушы жастардың қоғамдық үрдістерге, қоғамдық басқару, өзін-өзі басқару процестеріне көбірек тарту;

3) жастардың қоғамдағы әлеуметтік үрдістерді саяси ұғынуға деген ұмтылыстарына қолдау көрсету;

4) мемлекет органдары мен жастар ұйымдарының серіктестігін күшейту, жастарды мемлекеттік органдар жұмысына көмек көрсету, қоғамдық қадағалауға, қоғамдық-саяси процестерге қатыстыру;

5) Қазақстан қоғамының саяси құндылықтарын жастар бойына сіңіру, оларды қорғауға баулу, теріс саяси әсерлерге қарсы иммунитетті тәрбиелеу;

6) жастарға өз азаматтық сапаларын толық көрсетуге жол ашу;

7) жастардың қоғам дамуына, ел бірлігіне қызмет ететін, мемлекет пен қоғам алдындағы міндеттерде шешуге бағытталған саяси бастамаларына қолдау көрсету;

8) жастардың саяси көңіл-күйін ұдайы қадағалау, дұрыс бағыттау.

Саяси ақпаратқа қызығушылықты оятудың тәсілдері ретінде:

– студенттердің бұқаралық ақпарат құралдарынан жаңалықтарды көру, қысқаша тезистер құрастыру және кішігірім баяндамаларды әзірлеп, кураторлық сағаттарында группаластарына хабарлауы;

– саяси ақпараттарды студенттердің болашақ мамандығымен байланыстыра пайдалану (мысалы, «Мұнай-газ» мамандығы студенттеріне мұнай саласындағы әлемдік саясат туралы нақты деректерді келтіру, оның мұнай өндірудегі мәселелерге әсерін суреттеу);

– мамандық саласындағы саяси тақырыптарда пікірталас;

– мемлекеттік, өңірлік деңгейдегі қайраткерлермен сұхбаттар, кездесулер барысында қалыптасатын саяси мәдениеттілік үлгілеріне еліктеу (қызықты, өміршең саяси ақпарат, шешенділік үлгілері, кең дүниетаным, ой-өрісті таныту);

– университет көлемінде өтетін саяси-тәрбиелік, ағарту іс-шараларында белсенді қатысу (мысалы, Елбасы Жолдауларын жастар арасында насихаттау);

– ақпарат құралдары арқылы қызықты формада ұсынылатын саяси ақпараттарды атап өтуге болады.

Оқушы-жастардың қоғамдық үрдістерге, қоғамдық басқару, өзін-өзі басқару процестеріне көбірек тарту үшін жоғары оқу орындарындағы қоғамдық ұйымдардың студенттер арасындағы беделін арттыру, сондықтан олардың жұмысының студенттер ұжымын, әрбір студенттің дамуы үшін пайдалы нәтижелерін нақтылы нәтижелермен көрсетуге ұмтылу керек. Шынында да, қазіргі таңда университеттердегі жастар ұйымдары баяғы 1950-жж. аты шулы Комсомол ұйымы емес.

Студенттердің басым көпшілігі тіпті университеттегі жастар ұйымдарының атын да білмейді, белсенділерін де танымайды. Жастар ұйымдары студенттердің көпшілігі үшін тартымды деуге болмайды. Жастар ұйымдары жұмысында немқұрайлылық жиі кездеседі.

Жастардың қоғамдағы әлеуметтік үрдістерді саяси ұғынуға деген ұмтылыстарына қолдау көрсету мақсатында жоғары оқу орындарында қоғамдық пәндерді оқытудың сапасын арттыру маңызды. «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда фактологиялық материалдардан аналитикалық материалдар беруге, студенттердің саяси-қоғамдық үрдістерді талдау нәтижесінде өзіндік тарихи, саяси, идеялық көзқарастарын қалыптастыруға жағдай жасау керек. Әрбір оқу пәні маңында студентке мейлінше саяси білімдер беру, ұлттық идеологиямызды оның санасына сіңіру туралы ойлауымыз керек. Мәселе мүлдем жоғары оқу орнында оқытуды саясаттандыру туралы емес. Бірақ саяси тұрғынан сауатсыз маман өз саласын дамытуда патриоттық танытпайды, мемлекет саясатының жүргізушісіне айналмайды, тек тар өндірістік міндеттерді шешуге даярланған болады.

Мемлекет органдары мен жастар ұйымдарының серіктестігін күшейту, жастарды мемлекеттік органдар жұмысына көмек көрсету, қоғамдық қадағалауға, қоғамдық-саяси процестерге қатыстыру студент-жастардың арасынан белсенді, басшылық қызметіне бейім болашақ басшы кадрларды таңдауға, мемлекеттік қызметкерлер резервін дайындауға жағдайлар жасайды. Қазіргі таңда Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі аппараты мемлекеттік қызметкерлерді дайындау орталығы тарапынан жоғары оқу орындарының белсенді студент-жастары үшін мемлекеттік қызмет туралы бастауыш білімдер беретін курстар ұйымдастыруда. Мемлекеттік органдар мен жоғары оқу орындары қоғамдық ұйымдарының серіктестігі студенттер белсенділері жұмысының мазмұнды, сапалы болуына, білім беру ұйымы студенттік қауым арасындағы оның беделін артуына да ықпалын тигізеді.

Жастардың қоғам дамуына, ел бірлігіне қызмет ететін, мемлекет пен қоғам алдындағы міндеттерді шешуге бағытталған саяси бастамаларына қолдау көрсетуде жергілікті басқару органдары, қоғамдық қорлардың кеңестік, ұйымдастырушылық, қаржылық қолдауы маңызды роль атқарады. Жастардың әлеуметтік-экономикалық бағыттағы бастамалары жобалар түрінде ұсынылып, сарапшылар талқылауынан, арнайы комиссиялар тексеруінен өткеннен соң, ең үздік жобалар жергілікті қоғамдық қорлар тарапынан қаржыландырылады. Сондай-ақ жастардың қоғам дамуына, ел бірлігіне қызмет ететін, мемлекет пен қоғам алдындағы міндеттерде шешуге бағытталған саяси бастамалары да қажетті деңгейде қолдауын табуы тиіс. Мысалы, патриоттық акциялар өткізу, кең жұртшылыққа жаңа заңнамалық құжаттарды, өзгерістерді түсіндіру, мемлекеттік тілді үйрету бойынша студент-жастардың волонтерлік әрекеттері қажетті қолдау табуы мүмкін.

Жастардың саяси көңіл-күйін ұдайы қадағалау, дұрыс бағыттау — саяси мәдениетті тәрбиелеудің маңызды бағыты. Осы тұрғыдан жоғары оқу орындары жастар ұйымдары саяси білім беретін кафедралар профессор-оқытушыларымен бірлестікте мониторинг жүргізуі жақсы нәтижелер береді. Біздің жастарымыз елдегі, әлемдегі саяси үрдістерді дұрыс пайымдауы және бағалауы керек. Мемлекет саясатын дұрыс түсіну, саяси сауаттылық, идеологиялық кемеледілік, сын тұрғысынан ойлау әр түрлі саяси ақпараттарды, көзқарастарды оң бағалай білуге дағдыландырады. Студенттің өз ойы, өз пікірі қалыптасады, ол өз елінің патриоты екендігін ұмытпайды, сыртқы теріс саяси әсерлерге берілмейді, әр қандай саяси ақпараттарға көзқарастарын білдіруде «Мәңгілік Ел» құндылықтарын қашанда жоғары қояды.

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда оқушы-жастардың саяси мәдениеті олардың азаматтық белсенділігінің маңызды құраушысына айналды. Білім беру жүйесінде білім алушылардың саяси мәдениетін қалыптастыру қазіргі Қазақстан қоғамының азаматтық, саяси құндылықтарын игерумен шартталады. Ата Заңымыз — Қазақстан Республикасының Конституциясы, Президент Н.Ә.Назарбаевтың Жолдаулары, сөйлеген сөздерінде алға қойылған міндеттерді, барша қазақстандықтарға ортақ саяси құндылықтарды, азаматтық құқық ережелерін, қоғам, табиғат пен өзара әрекеттесудің құқықтық, рухани-адамгершілік аспектілерін тек білім деңгейінде ғана емес, тәжірибелік сипатта, нақтылы өмірлік мәселелерді шешуге даярлық дәрежесінде игеру өте маңызды. Саяси құндылық бағдарлардың қалыптасуы оқушы жастардың дүниетанмын, патриоттық сапаларын қалыптасуына ерекше әсер етеді. Әрбір жас адамның санасында қазіргі күрделі халықаралық жағдайлардағы өмірлік әрекеттерде дұрыс шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Жастар әлемдегі және ішкі саяси оқиғаларға дұрыс баға бере алатын болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: бес халықтық реформа // Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың партияның XVI съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. — 2015. — 12 наурыз. — 1–3-б.
- 2 Краткий политический словарь. — М.: Политиздат, 1989. — С. 422.

Н.Ш.Алметов, А.Б.Айтжанова, А.А.Сулейменова

**Формирование политической культуры молодежи:
ценностные ориентации и новые подходы**

В статье рассмотрены вопросы формирования политической культуры современной молодежи как важное составляющее их гражданской активности. Определены концептуальные основы изучения политической культуры молодежи. Выделены компоненты процесса формирования политической культуры учащихся в системе непрерывного образования. Проанализированы инновационные подходы и решения проблемы формирования политической культуры молодежи, роль и значение образования в процессе политической социализации.

N.Sh.Almetov, A.B.Aitzhanova, A.A.Suleymenova

**Formation of the youth's political culture:
the value orientations and new approaches**

In article questions of formation of political culture of modern youth as important making their civil activity are considered. Conceptual bases of studying of political culture of youth are defined. Components of process of formation of political culture of pupils — youth in system of continuous education are allocated. Innovative approaches and solutions of the problem of formation of political culture of youth, a role and value of education in the course of political socialization of youth are analysed.

References

- 1 *In the same for all of the modern state: five national reform // President of the Republic of Kazakhstan, «Nur Otan» of Kazakhstan President Nursultan Nazarbayev's speech at the XVI Congress of the party // Egeмен Kazakhstan, 2015, 12 March, p. 1–3.*
- 2 *Quick political vocabulary*, Moscow: Politizdat, 1989, p. 422.